

**Азизханова Дидар Каримжановнаның 8D011 – Педагогика және психология
(6D010300 – Педагогика және психология) бағыты бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Жоғары оқу
орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру»
тақырыбындағы диссертациясына**

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым</p>	<p>Алынған нәтижелердің маңыздылығы «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2017 жылы ұсынған «Педагогтің кәсіби стандартына»; ҚР Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021жылғы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі»: Қазақстан халқына Жолдауына; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасына; Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына» сәйкес келуімен дәйектеледі.</p> <p>Д.К.Азизханованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Сонымен қатар зерттеу жұмысы мемлекет қаржыландыратын:</p> <p>8. Білім және ғылым саласындағы зерттеулер</p> <p>8.1 ХХІ ғасырдағы білім, ғылым, мәдениет және спорт проблемаларын іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеу.</p> <p>8.1.1 Ғылым және технологиялар саласындағы зерттеулерді дамытудың өзекті мәселелері сияқты нысаналы бағдарламалар идеясына сәйкестігімен сипатталады.</p>

		бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертанттың зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-практикалық нәтижелері педагогика ғылымының дамуына елеулі үлес қосады. Қазіргі психологиялық-педагогикалық теорияларға талдау жасау негізінде «ұтқырлық», «кәсіби ұтқырлық» ұғымдарының мәні ашылып, «болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы» ұғымына берілген авторлық анықтаманың ғылыми айналымға енгізілуі диссертациялық жұмыстың маңыздылығын ашады. Зерттеу мәселесі бойынша әзірленген құрылымдық-функционалдық модель мен оны жүзеге асырудың әдістемесінің даярлануы жұмыстың теориялық маңыздылығы мен тәжірибелік құндылығын көрсетеді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары. Оған жұмыстың ғылыми стилінен; ғылыми әдебиеттерге, негізгі ұғымдарға жасаған контент-талдауы мен өзіндік тұжырымдардың жасалуы; диссертация мазмұнының баяндалуындағы бірізділік пен өзара байланыстылығы дәлел бола алады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Д.К.Азизханованың диссертациялық жұмысының өзектілігі зерттеу мәселесі ұтқырлық, кәсіби ұтқырлық туралы философия, психология мен педагогика, хореография саласындағы еңбектерге және қазіргі кездегі болашақ хореографтар даярлығына қойылып отырылған талаптар тұрғысынан негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Д.К.Азизханованың диссертациясының мазмұны «Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру» атты диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Зерттеу жұмысының 1-ші бөлімінде жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалса, 2-ші бөлімде жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру жүйесі жасалынып, болашақ хореографтардың кәсіби

			<p>ұтқырлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталып, құрылымдық-функционалдық моделі әзірленеді. Зерттеу жұмысының 3-ші бөлімі жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруға арналған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар мен жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдістемесін (әдістемесі үш бөлімнен тұрады: «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курс бағдарламасы, «Пропедевтикалық тапсырмалар» және «Кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру жағдаяттары») жүзеге асырудың мазмұны ашылған. Д.К.Азизханованың диссертациясының мазмұны 3 тараудан және 9 параграфтан тұрады. Диссертация жұмысының мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу және әдістемесін жасау, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру деп тұжырымдалған мақсат 4 міндет арқылы жүзеге асқан.</p> <p>1-міндетке сәйкес болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтап, «кәсіби ұтқырлық», «болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы» ұғымдары нақтыланса, болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделін әзірлеу әдіснамалық міндетке сәйкес келеді, зерттеу мәселесін шешуді нәтижелі ететін әдістеменің даярланып, экспериментте сынақтан өткізу, ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу төртінші міндетке сәйкес келіп мақсатқа жеткендігін дәлелдейді.</p> <p>Алынған нәтижелер диссертанттың міндеттерді толық жүзеге асыра алғандығын көрсетеді және дәлелділігі мен сенімділігін растайды.</p>

		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық тараулары мен параграфтары ғылыми түрде тұжырымдалған және құрылысы логикалық тұрғыдан толық байланысқан және ішкі бірлігі сақталған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертант зерттеу мәселесі бойынша ғылыми еңбектерді сыни таңдай алған. Автордың жұмыстағы келтірілген ой пікірлер мен тұжырымдарға баға бере алуы, оларға өзіндік түйіндеме жасай білуі, салыстыру негізінде сыни бағалай алуы зерттеуші ретінде өзіндік ғылыми ұстанымының қалыптасқандығын байқатады. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің алғашқы бар деңгейі мен қорытындыдағы көрсеткіштерін сандық және сапалық салыстыруда автордың сыни талдауы мен бағалауы жұмыстың шынайылығын көрсетеді.</p>
<p>5.</p>	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу мәселесі бойынша алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. <i>Бірінші нәтиженің жаңалығы</i> диссертанттың психология-педагогикалық, хореографиялық саладағы зерттеулерге теориялық талдау жасап, тәжірибені сараптап, зерттеуде басшылыққа алатын әдіснамалық тұғырлар мен қағидалардың айқындалуымен, зерттеу мәселесіне қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың психологиялық-педагогикалық еңбектерін зерделеу нәтижесінде «кәсіби ұтқырлық», «болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы» ұғымдарына контент-талдау жасай отырып, ұғымдардың өзара байланысын ашып, авторлық тұрғыдан түсіндірілуімен негізделеді. <i>Екінші нәтиже</i> жоғары оқу орнында болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың психология-педагогикалық шарттарының айқындалуымен, олардың өзара байланыстылығы кешенді түрде жүзеге асырылады. <i>Үшінші нәтиженің жаңалығы</i> болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын</p>

			<p>қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделінің алғашқы рет жасалынуымен сипатталады.</p> <p><i>Төртінші нәтиженің жаңалығы</i> жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдістемесінің дайындалуымен және оның тиімділігінің тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілумен, ғылыми-практикалық ұсыныстар берілумен сипатталады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Д.К.Азизханованың диссертациялық жұмысы бойынша жасалған қорытындылар толығымен жаңа болып табылады:</p> <p>1- қорытынды теориялық деңгейде автор сапалық қасиет ретінде маманның орындалып жатқан кәсіби міндеттер мен тапсырмаларды, жұмыс орнын, тіпті бір кәсіптің шеңберінде мамандығын жедел ауыстыруға даярлығымен, сондай-ақ ғылыми-технологиялық өзгерістер әсерінен пайда болған жаңа мамандықтарды немесе олардағы жаңартуларды шапшаң меңгеруге қабілеттілігінің болуымен сипатталатын «болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы» ұғымы нақтыланып, авторлық нұсқадағы анықтама берілгендіктен толығымен жаңа. Себебі, анықтаманы диссертанттың педагогика ғылымы терминологиялық өрісін кеңейтуге қосқан үлесі деп санауға болады.</p> <p>2-қорытынды қолайлы үйлесімді психологиялық ахуалды және шығармашылық ортаны құруға, болашақ хореографиялық кәсіби іс-әрекетіне рефлексия жасауға дағдыландыруға, қолайлы үйлесімді психологиялық ахуалды және шығармашылық ортаны құруға мүмкіндік беретін өзара байланысты, кешенді түрде жүзеге асырылатын жоғары оқу орнында болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың психология-педагогикалық шарттарының айқындалуы толығымен жаңа деп есептеледі.</p> <p>Әдіснамалық деңгейдегі 3-қорытынды зерттеу жүргізуде басшылыққа алынатын жүйелілік, құзыреттілік, тұлғаға</p>

		<p>бағдарланған, аксиологиялық, тұлғалық-әрекеттік, психологиялық-бағдарлық тұғырлары мен шығармашылық, коммуникативтілік, жобалық, іс-әрекет аумағын әртүрлендіру және кенейту қағидалары айқындалып, болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі әзірленгендіктен, толығымен жаңа.</p> <p>4-қорытындыда зерттеудің практикалық нәтижесі ретінде жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдістемесінің дайындауы, үш бөлімнен тұратын: «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курс бағдарламасы (2 кредит); «Пропедевтикалық тапсырмалар»; «Кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру жағдаяттары» әдістеменің тиімділігі тәжірибелі-эксперимент жүзінде тексерілуі, ғылыми-практикалық ұсыныстар берілуі оның толық жаңалығын көрсетеді.</p>	
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Автор өз жұмысында жүргізілген зерттеу жұмысы бойынша маңызды ұсыныстар жасайды: «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курсының бағдарламасы бакалавриатың 5B040900 - «Хореография» мамандығы білім беру бағдарламасында оқу жоспарының таңдау пәні компоненті ретінде жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісіне енгізілуі тиіс; жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру бойынша ғылыми-әдістемелік ұсыныстар, зерттеу барысында алынған нәтижелер педагогикалық және мәдениет бағытындағы жоғары оқу орындарында хореографтарды даярлау үдерісінде, хореограф-мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарында пайдаланылуы мүмкін; 5B040900 – Хореография мамандығының модульдік білім беру бағдарламасына жоғарыда жасалған талдау нәтижесі оқу модульдері және олардың құрамына кіретін оқу курстарының болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мүмдіктерін, педагогикалық әлеуетін анықтауға негіз болады. Диссертациялық</p>

			<p>жұмыстың шешімдері заманауи технологияларға негізделген. Педагогикалық ғылымдар бағытындағы болашақ мамандарды дайындауда басшылыққа алынатын «Хореография» мамандығы студенттерінің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың 7 сатыдан тұратын алгоритмі әзірленді: қарастырылып отырған аспектідегі педагогикалық жұмысқа студенттерге сабақ беретін оқытушы-профессорлар құрамын дайындау; хореограф-студенттердің кәсіби ұтқырлықты қамтамасыз ететін маңызды тұлғалық сапалары мен құзыреттіліктерінің ағымдағы деңгейлерін және даму динамикасын анықтау; «Хореография» білім беру бағдарламасы оқу пәндері мазмұнының студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудағы педагогикалық әлеуетін анықтау және байыту, оны жүзеге асыру тәсілдерін қолдану; оқу үдерісіне «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» арнаулы курсы енгізу; хореографиялық білім беру ерекшеліктеріне қарай кәсіби ұтқырлық негіздерін қалыптастырудың әдістерін, әдістемелік тәсілдері мен құралдарын таңдау және жүйелі пайдалану; студенттердің оқу өндірістік тәжірибесінде кәсіби ұтқырлық негіздерін қалыптастыруды жоспарлау және жүзеге асыру; аудиториядан тыс оқу-тәрбиелік жұмыстар арқылы кәсіби ұтқырлық негіздерін қалыптастыруға арналған іс-шаралар кешенін жүзеге асыру. Өзіндік авторлық жолдары ұсынылғандықтан толығымен жаңа. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар жоғары оқу орнының оқу үдерісіне ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, жарық көрген ғылыми жарияланымдармен расталады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және	Зерттеу жұмысының барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген және тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелденген.

		өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Д.К.Азизханованың диссертациялық жұмысы бойынша ұсынған төрт қағида толығымен дәлелденген:</p> <p>7.1. Диссертацияның негізгі қағидаларының дәлелділігі зерттеу барысында алынған нәтижелерінің талқыға түсуімен, сондай-ақ қорытынды жаңалықтарының әр деңгейінде ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу арқылы мақалаларының жинақтарда жарық көруімен, ғылыми басылымдарда жарияланумен расталған және нәтижелерінің тәжірибеге ендірілгендігін растайтын анықтамалардың қоса тіркелуі дәлелдейді.</p> <p>7.2. Тривиалды емес.</p> <p>7.3. Ия, диссертациялық жұмыстың қорғауға шығарған әрбір қағидасы жаңа болып табылады. Бірінші қағидада - жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтауда жүйелілік, құзыреттілік, тұлғаға бағдарланған, аксиологиялық, тұлғалық-әрекеттік, психологиялық тұғырлары басшылыққа алынып, «Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы» ұғымы қазіргі заманғы өзгерістер мен инновациялық үдерістер жағдайында қызмет жасауы, қалыптан тыс міндеттерді шешуі, қоғамның және еңбек нарығының талаптары мен қажеттіліктеріне шапшаң, икемді, көшпелі бейімделуге даяр болуы деп нақтыланып, жұмыс бойынша жазылған «Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастыру//Қазақстанның ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал. ISSN 2073-333X №4 (61) Астана, 2018. Б.15-17 және Проблема профессиональной мобильности в подготовке будущего хореографа//Россия и Европа: связь культуры и экономики: материалы XXVI международной научно-практической конференции. – Прага: Чешская Республика, 2020.- С.34-37 мақалаларда</p>

көрініс табады.

Екінші қағида - жоғары оқу орнында болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың өзара байланысты, кешенді түрде жүзеге асырылатын психологиялық-педагогикалық шарттарының айқындалуы, жұмыс бойынша жазылған «Болашақ мамандардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастыру: мәселелер мен жаңа мүмкіндіктер//Ауэзов оқулары-19.- Шымкент, 2019. - №2. - Б 18-29» және «Икемді дағдыларды қалыптастыру болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығының шарты ретінде //Торайғыров университетінің хабаршысы» журналы. Педагогикалық сериясы. ISSN 2710-2661 №3. Павлодар, 2020. -Б. 97-108»

мақалалар дәлелдейді.

Үшінші қағида зерттеу барысында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштері (кәсіби ұтқырлыққа мотивациялық-қажеттілік қатынастың болуы; хореография саласындағы икемді білімдер мен іскерліктер; кәсіби іс-әрекеттегі өзгерістерге эмоционалдық-психологиялық дайындығы; қоғамдағы өзгерістерге жылдам бейімделуге, қозғалыстар және табысты әрекетке мүмкіндік жасайтын коммуникативтік және мінез-құлық сапаларының болуы) және деңгейлері (репродуктивті/төмен, адаптивті/орташа, шығармашылық/жоғары) анықталған, тұжырымдамалық, технологиялық, нәтижелік блоктары мен мақсаттық-мотивациялық, мазмұндық-танымдық, эмоционалдық-құндылық, әлеуметтік-коммуникативтік компоненттерінен тұратын құрылымдық-функционалдық моделінің әзірленуі арқылы дәлелденеді. Жұмыс бойынша жазылған «Болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың функционалдық-құрылымдық моделі //«Торайғыров университетінің хабаршысы» журналы. Педагогикалық сериясы. ISSN 2710-2661 №4. Павлодар, 2021. Б.76-87» мақалада

көрініс табады.

Төртінші қағида - жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың әдістемесі мазмұнында «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курс бағдарламасы», «Пропедевтикалық тапсырмалар» және «Кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру жағдаяттары» көрініс табады және бұл әдістеменің тиімділігін көрсететін тәжірибелік-эксперимент нәтижелерімен дәлелденеді, ол «Formation of Professional Mobility Basis of Future Choreographers in the Process of Studying at the University // Talent Development. - 2020. - Vol.12, №1. - P. 590-608 және Factor of professional mobility in training of future engineer// Proceedings of VI International Conference «Industrial Technologies and Engineering» ICITE – 2019, Volume III., M.Auezov South Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan. October, 24-25, 2019. P.147-151», сонымен қатар «Профессиональная мобильность педагога как фактор инновационного развития современного образования//Вестник Кыргызского государственного университета им. И.Арабаева ISBN 1654-5611, Выпуск 2 (2018), -С.238-243» мақалаларында жарияланады.

7.4. Диисертациялық жұмыстың колданбалық деңгейі орташа, өйткені, зерттеу нәтижесінде нақтыланған жаңа ұғымдар, түсініктер мен қағидалар ЖОО-да мамандар даярлау саласында пайдаланылады. Ұсынылған элективті курс та жоғары оқу орнының студенттеріне арналған.

7.5 Ия, мақалаларда дәлелденген, зерттеудің негізгі нәтижелері докторанттың 10 ғылыми еңбегінде көрініс тапқан, оның ішінде 3 мақала ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынатын журналда; 1 басқа журналда; 1 мақала Scopus (Скопус) деректер базасына кіретін журналда; 5 мақала халықаралық конференциялар материалдарының жинағында жарияланған.

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу барысында басшылыққа алынған әдіснамалық тұғырлар мен қағидалар ғылыми тұрғыда негізделген. Әдістер нақты жазылған және жазылған және тиімділігі дәлелденген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін алуда теориялық, эмпирикалық, алынған нәтижелерді өңдеудің математикалық-статистикалық әдістері қолданылған. Компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау жасалған.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті мен Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде жүргізілген, эксперименттік зерттеулер дәлелденген және расталған. «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курс бағдарламасы», «Пропедевтикалық тапсырмалар» және «Кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру жағдаяттары» тұратын әдістемені жүзеге асыруда инновациялық әдістерді қолданып, педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген.
		8.3 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы расталған.
8.4 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға	Пайдаланылған 165 әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.		

		жеткілікті/жеткіліксіз	
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Себебі: «болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы» ұғымының мәнінің нақтылануымен, зерттеушінің берген өзіндік анықтамасымен толықтырылған; - болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың блоктары (тұжырымдамалық, технологиялық, нәтижелік); компоненттері (мақсаттық-мотивациялық, мазмұндық-танымдық, эмоционалдық-құндылық, әлеуметтік-коммуникативтік); өлшемдері мен көрсеткіштері (кәсіби ұтқырлыққа мотивациялық-қажеттілік қатынастың болуы; хореография саласындағы икемді білімдер мен іскерліктер; хореографиялық іс-әрекеттегі өзгерістерге эмоционалдық-психологиялық дайындығы; қоғамдағы өзгерістерге жылдам бейімделуге, қозғалыстар және табысты әрекетке мүмкіндік жасайтын коммуникативтік және мінез-құлық сапаларының болуы) қамтылған, деңгейлері айқындалған құрылымдық – функционалдық моделі әзірленген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеудің практикалық нәтижесін «Хореографиядағы кәсіби ұтқырлық» элективті курсының бағдарламасының (2 кредит) оқу-тақырыптың жоспары әзірленуі дәйектейді. Ізденушінің зерттеу жүргізу барысында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру бойынша пропедевтикалық тапсырмалар мен жағдаяттар дайындалауы маңызды нәтижеге жатады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу жұмысы аясында практикалық ұсыныстар толығымен жаңа және оларды педагогикалық және мәдениет бағытындағы жоғары оқу орындарында хореографтарды даярлау үдерісінде, хореограф-мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарында пайдаланылуға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа;	Диссертант жұмысты академиялық жазу ерекшеліктеріне сай, ғылыми стильді басшылыққа алып жазған. Диссертациялық жұмыстың құрылымын

	3) орташадан төмен; 4) төмен.	рәсімдеу белгіленген талаптарға сәйкес орындалған, жазу сапасы жоғары.
--	----------------------------------	---

Шешім: Азизханова Дидар Каримжановнаның 8D011 – Педагогика және психология (6D010300 – Педагогика және психология) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндіктен философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

«13.00.01 - Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының кандидаты, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты «Педагогика» факультетінің деканы



Ботабаева А.Е.

А. Ботабаева қолтаңбасын растаймын
 Ұйымдастыру және кадр жұмыстары бөлімінің бастығы *Шер*